

Джуланова Н.М., Койбагаров К.У., Туребеков О.Т., Алимбекова М.Е.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

БИЕ БУАЗДЫҒЫН АНЫҚТАУ

Андатпа

Мақалада, биенің буаздығын анықтау үшін ультрадыбыстық зерттеу (УДЗ) қолданылғандығы туралы мәліметтер берілген. УДЗ түсірілімдерінің 14-18, 23, 25, 28, 43, 48 күндік буаз биелерге сәйкес сипаттамалары келтірілді. Бұл кезде, авторлар нақты нәтиже алу үшін, УДЗ тәжірибесі бар маманның жүргізуі қажет екендігін айтады. Егер тәжірибелі маманның қолында УДЗ құралы бар болса, бие тоқтағаннан 2 аптадан соң оның буаз немесе буаз емес екенін анықтауға болады. Мақала УДЗ 6 түсірілімімен рәсімделген.

Кілт сөздер: бие, овуляция, бластоциста, эмбрион, алантоис, буаздық, ультрадыбыстық зерттеу, асылтұқымды жануарлар.

Кіріспе

Соңғы жылдары Қазақстанда мал шаруашылығының дамуы жақсы қарқын алып келеді. Осы арада жеке меншік асылтұқымды жылқы шаруашылықтарының жетістіктерін атап айту керек $P \leq 0,001$ к. Жылдан жылға жылқылардың асылтұқымдық сапасы алыс және жақын шет елдерден әкелінген асыл тұқымды биелер мен айғырлардың есебінен жоғарылап келеді.

Елімізге таза қанды асылтұқымды жылқыларды әкелу мақсаты - оларды тек спорттық жарыстарға қатыстыруды ғана емес, сонымен қатар олардан ұрпақ алып өзімізде өсіруді, асыл тұқымды мал басын арттыруды көздейді [1, 2].

Өкінішке орай, асылтұқымды жылқы шаруашылықтарында жылқылардың өсіп өну қызметіне кедергі келтіретін бір қатар кемшіліктер бар. Сондай факторлардың бірі биенің буаздығын және бедеулігін анықтау кезінде жіберілетін қателіктер болып табылады [3].

Сондықтан биенің буаздығын анықтаудың қазіргі заманғы әдістері буаз емес биені дер кезінде анықтауға, оны қайта шағылыстыруға, сонымен қатар айғырдың өндірушілік сапасын дұрыс анықтауға мүмкіндік береді [4].

Қазіргі уақытта ветеринарияның негізгі жетістіктерінің бірі малдың ішкі органдарының жағдайын бағалайтын әдіс бұл ультрадыбыстық зерттеу. Көптеген шет елдік ғалымдар мен тәжірбиелі мамандар УДЗ әдісін қолдану арқылы жылқылардың төлшендік деңгейін едәуір жоғарылатуға болатынын атап айтады [5].

Жоғарыда айтылғандарды ескере келіп, біздің жұмысымыздың мақсаты – биелердің ерте буаздығын анықтау үшін УДЗ мүмкіндіктерін анықтау болды.

Материал және зерттеу әдістері

Зерттеу жұмыстары сәуір айының соңынан басталып, «Ахалтеке» және «Рахат» жылқы зауыттарындағы ахалтеке, араб, ағылшын мініс тұқымды биелерінде жүргізілді. Бақылауда ұрықтандырылғаннан кейінгі 38 бие болды. Буаздықты анықтау үшін біз MINDRAY (Франция) фирмасының УДЗ DP-6600 VET құралын пайдаландық.

Нәтижелері


Биелердің буаздығын ультрадыбыспен анықтау нәтижесі келесідей болды: 14-22 күндік буаздық - 39,5%, 23-40 күндік буаздық – 47,4% және 41-60 күндік буаздық 13,2% шағылыстырылған биелерде анықталды.

Біздің зерттеулеріміздің нәтижелері: овуляциядан кейін 14 күні УДЗ-ден бластоциста 0,5-1,0 см болатын қуыс кеңістік ретінде айқындалды.

Кейде бластоцистаның мөлшеріне, овуляцияның дәл уақытының өзгеруіне және фолликуланың диаметрінің жылдам ұлғаюына байланысты ауытқулар болуы мүмкін, бұл осы сатыға тән құбылыс (1-сурет).

Буаздықтың 23-күні эмбрион кішкентай эхогендік объект (3мм) түрінде көрінеді де, көпіршіктің астында (краниалді-вентральді) дамуымен сипатталады (2-сурет).


Буаздықтың 25-күні эмбрионның диаметрі 6 мм болады, жүрек соғысы дерлік байқалады (3-сурет). Эмбрион көпіршіктің ішкі қатпарынан бөлінеді, өйткені алантоис (зәрлі қабат) қапшығы дами бастайды. Эмбрионның әрі қарай дамуына байланысты жаңа қалыптасқан зәрлік қапшық алғашқы ішектен және кішірейіп бара жатқан сары уыз қапшығынан ажырағаны көрінеді. 28 күні эмбрионның көлемі 9 мм болады және 2 бөлікке жартылай бөлінгені байқалады (4-сурет).



1-сурет. 14-18 күндік эмбрион.

Тұқымның бекінуін жатырдың кез-келген аймағында (жатыр тармағының негізі, тармақтың ұшы, денесі) табуға болады, себебі ол жатыр қуысында миометрияның жиырылуына байланысты қозғала алады.


Ұрықтанғаннан кейінгі 16-күнде бластоцистаның диаметрі шамамен 2 см болады, ал миометрияның тонусының жоғарылауы оның жатыр денесінің негізінде орналасуына әкеледі. Осындай көрніс 18 күндік буаздықта да байқалады.



2-сурет. 23 күндік эмбрион. 3-сурет. 25 күндік эмбрион. 4-сурет. 28 күндік эмбрион.



5-сурет. 43 күндік эмбрион.



6-сурет. 48 күндік эмбрион.

43 күні сары уыз қапшығының орнын аллантаис қапшығы басады да, төлдің дорсальдік бөлігінен кіндік бауы орналасады. Эмбрионның ұзындығы 2 см шамасында (5-сурет), буаздықтың мерзімі ұлғайған сайын эмбрионның көлемі үлкейе береді (48 күн, 6-сурет), 55 күні дамып келе жатқан төлдің айналасында шарана сулары көбеюіне байланысты анық сурет көрінбейді.

Қорытынды

Біздің зерттеулерімізді қорытындылай отырып, нақты нәтиже алу үшін УДЗ құралын пайдаланған кезде белгілі тәжірибесі бар маман қажет екенін атап айтуға болады, ал егер осындай құрал тәжірибелі маманның қолында болса, бие тоқтағаннан 2 аптадан соң оның буаз немесе буаз емес екенін анықтауға болады.

Әдебиеттер

1. Т.Рябова, Ю.Кузнецова. Абсент 2005//Ахалтеке информ 2005. Ежегодный информационно-аналитический альманах. –С. 60-68.
2. Скачки, зрелище, азарт. Скаковой вестник kz. Информационный бюллетень №5 20 июль 2007.
3. Лебедева Л.Ф. Подготовка кобыл и жеребцов к случному сезону. ВНИИ коневодства. Материалы 10 конгресса Всемирной конской ветеринарной ассоциации WTVVA.
4. Гисела Рау Моя лошадь захромала, что делать. Часть 2. Перевод с немецкого М. Политовой. // Конный мир 2007 №7. С- 72-75.
5. Семиволос А.М. Радиоэлектронные способы коррекции сократительной функции матки и диагностики беременности у коров : Дис. ... д-ра вет. наук : 16.00.07 Саратов, 1999.

Джуланова Н.М., Койбагаров К.У., Туребеков О.Т., Алимбекова М.Е.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ БЕРЕМЕННОСТИ КОБЫЛЫ

В данной работе приводятся данные ультразвуковой диагностики жеребости у кобыл. Даются соответствующие описания снимков УЗИ при 14-18, 23, 25, 28, 43, 48 дневной жеребости кобыл. При этом авторы отмечают, что для получения достоверных результатов, при использовании аппарата УЗИ требуется определенный опыт работы специалиста, и когда в руках опытного специалиста находится, такой прибор можно уже через две недели после отбоя диагностировать жеребая ли кобыла или нет. Работа иллюстрирована таблицей и 6 снимками УЗИ.

Ключевые слова: кобыла, овуляция, бластоциста, эмбрион, алантоис, жеребость, ультразвуковое исследование, племенное животное.

Julanova N.M., Koibagarov K.U., Turebekov O.T., Alimbekova M.A.

DIAGNOSTICS GRAVIDITAS OF MARES

In given work happen to the given ultrasonic diagnostics gravidities beside mares. They Are Given corresponding to descriptions picture TIE under 14-18, 23, 25, 28, 43, 48 day жеребости mares. At, the authors note that for reception reliable result, when use the device TIE is required determined experience of the functioning(working) the specialist, and when in hand of the experienced specialist is found, such instrument possible already through fortnight after retreat to diagnose gravidities mare or no. Work is illustrated by table and 6 pictures TIE.

Keywords: male, ovulation, blastocyst, embryo, alantois, pregnancy, ultrasound examination, breeding animal.

ӘОЖ 619:614:9:616

Жұмағалиева Г.К., Саденов М.М., Туяшев Е.К.

*Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Батыс Қазақстан Облысының ветеринарлық ғылыми-зерттеу станциясы*

ЛЕЙКОЗДЫ АНЫҚТАУДА БОЛАШАҚТЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Андатпа

Мақалада ірі қара малы лейкозын анықтаудың болашақ зерттеу әдістерінің нәтижелері берілді. Лейкозды уақытында анықтаудың иммунды ферментті талдау және молекулалық-биологиялық әдістері қолданылып, зерттеу нәтижесінде малдың ауруға шалдығу деңгейі көрсетілді.

Кілт сөздер: Лейкоз, иммуноферментті талдау, ПТР әдісі, иммуноферментті тест – жүйесі.

Кіріспе

Сиыр лейкозы үлкен экономикалық шығынға ұшыратады. Малдың өнімділігі төмендейді, малды ерте жарамсыздыққа шығаруға, сонымен қатар міндетті түрде лажсыз сойылған малдың ұшасын жоюға тура келеді. Қазіргі уақытта лейкоз мәселесі бірінші орында тұр. Ең алдымен жоғары өнім беретін сиырлар зақымдалады. Әсіресе, қазіргі нарықтық жағдайда айтарлықтай зиян келтіруде. Лейкозбен күрес шараларының басты буыны балау.

Сиырдың лейкозы (Leucosis bovis, лейкоз крупного рогатого скота) - қатерлі ісік шалу негізінде жетілмеген қан тұзу және лимфоидты торшалардың шамадан тыс көбейіп, әртүрлі ағзаларды жайлап алуы және ісікті ұлпалардың пайда болуымен ерекшеленетін жұқпалы ауру.

Ең алғаш лейкозды неміс патоморфологы Р. Вихров 1845 ж 55 жастағы әйел мәйітін сойып зерттегенде анықтаған. Ол талақтың үлкейгенін және жүрек пен қан тамырларда іріңге ұқсас массаның жиналғанын көрген. Микроскоппен қарағанда масса лейкоциттен тұрған.

Қоздырушысы - Bovine leucosis oncovirus Retroviridae туыстастығының Oncarnoviridae туыстық тармағына жатады. Құрамында РНҚ бар, көбейгенде ДНҚ көшірмесі